


«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім басқармасының
Көксу аудандық бойынша білім бөлімі»
Меншіксіз басқару мекемесінің
«Балалар бағдарламасы» бағдарламасы
КММК менеджерісі
Тауханова
» 2022



«Күншуақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылына арналған күн тәртібі

Режимдік сәттер	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды қабылдау, ата-анамен әңгімелесу	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Балалармен, ата-аналармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Балалардың дербес әрекеті	Баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітптар карау және т.б әрекеттер
Таңғы жаттығу	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау
Таңғы ас	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамактанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамактану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамактану
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру.
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік дағдыларын дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту, физикалық қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу арқылы қамту. Проблемалық жағдаяттарды шешу.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге

	мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және әлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру жоспары бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттер
Серуеннен оралу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу)
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану
Күндізгі ұйқы	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа)
Бесін ас	Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимылқозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен).

	Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Балалармен жеке жұмыс.	Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша балалармен жеке жұмыс түрлері.
Кешкі серуен	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін кәрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату
Үйге қайту, атанаға кеңестер	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу